

## БІЛКІТІЛІК ТЕСТІЛЕУ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАТЫСУ САЯСАТЫ

«MEDILAB IMMUN.KZ» ЖШС клиникалық диагностикалық зертханасы (бұдан әрі – КДЗ) ІЛАС саясатына және ТОО НЦА П 01-07.05 «СМ. Біліктілікті тексеру саласындағы іс-шараларға қатысу саясаты» сәйкес біліктілік тестілеуі (БТ) бойынша іс-шараларға сәтті қатысу арқылы өзінің техникалық құзыреттілігін көрсетеді.

Біліктілікті тексерудің халықаралық провайдерлері ұсынатын бағдарламалары ISO/EC 17043 талаптарына және осы Саясаттың талаптарына сәйкес келеді.

КДЗ БТ қатысудың стратегиялық (жылдық) жоспарын әзірлейді. КДЗ -да аккредиттеу көлемі, персонал құрамы, қолданылатын әдістер тізбесі, жабдықтар, шарттар және т.б. өзгерген жағдайда БТ қатысу жоспары қайта қаралады және жаңартылады.

Егер БТ бағдарламасына қатысу нәтижелері бойынша КДЗ қанағаттанарлықсыз нәтижелер алса, онда талдау жүргізіледі және алынған қанағаттанарлықсыз нәтижелердің себептері анықталады және түзету шаралары әзірленеді (қажет болған жағдайда).

БТ-ның қанағаттанарлықсыз нәтижелері болған жағдайда, КДЗ бұл туралы ҰАО-ға хабарлауы және түзету әрекеттері туралы есептерді ұсынуы керек. Түзету әрекеттерінің тиімділігі мүмкіндігінше тезірек БТ бағдарламасына қайталап қатысу арқылы расталады.

КДЗ құпиялылық пен бейтараптық принциптерін ұстанады. КДЗ барлық қызметкерлері осы Саясатпен таныс, өз қызметінде оны басшылыққа алады және оның орындалуын қамтамасыз етеді.

Өндеуші:

Зертханалық қызмет сапасын бақылау бөлімінің менгерушісі



Данабекова А.Ж.  
«10» қаңтар 2025ж